

**Өскемен су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды
Өскемен қаласы әкімінің әкімшілік бағынышты жерлерінде шаруашылықтық
пайдалану режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 7 ақпандағы N 13 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Эділет департаментінде 2007 жылғы 1 наурызда N 2441 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Өскемен су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары" жобасына сәйкес және су объектілерін ластанудан және тартылудан қорғау мақсатында, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2016 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. 1 қосымшаға сәйкес Өскемен қаласы әкімінің әкімшілік бағынышты жерлеріндегі Өскемен су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі белгіленсін.

2. 2 қосымшаға сәйкес су қорғау аймағының аумағында шаруашылықтық пайдаланудың арнайы режимі мен су қорғау белдеуінің аумағында шектелген шаруашылықтық қызмет режимі белгіленсін.

3. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті (В.Р.Колесников) "Өскемен су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары" жобасын мемлекеттік жер кадастрында есепке алу үшін және су қоры мен жер ресурстарын пайдалану және қорғауға арналған мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілдегі мемлекеттік органға тапсырысн.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары И.В.Белихинге жүктелсін.

5. Ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. <*>

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ШКО әкімдігінің 2008 жылғы 4 ақпандағы N 440 қаулысымен.

Облыс әкімі

Келісілді

Ертіс бассейнде су шаруашылық
басқармасының бастығы

Өскемен қаласы әкімінің әкімшілік бағынышты жерлеріндегі Өскемен су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

N Рет С у са- с і , учаскесі ны	о бъекті - о ның ұзын- дығы, (шакы- - рым)	Су қорғау аймағы		Су қорғау белдеуі	
		шека- расы- ның ұзын- дығы, (шакы- - рым)	шекара - орта алаңы (гектар)	шекара - сұның ұзынды- (шакы- - рым)	орта алаңы (шакы- - рым)
1.	Өскемен қаласы әкімінің әкімшілік бағынышты жерлеріндегі Өскемен су қоймасы	33,61	1916,22	643,5	37,24
					494,71
					119,0

Ескертпе: су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені "Өскемен су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары" бекітілген жобаның картографиялық материалдарында көрсетілген.

Департамент директоры

Өскемен қаласы әкімінің әкімшілік бағынышты жерлеріндегі Өскемен су қоймасының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін

шаруашылықтық пайдаланудың арнайы режимі

1. Су қорғау аймағының шегінде мыналарға тыйым салынады:

1) су қоймасының алаңының су жинау алабында улы химикаттарды, органикалық және минералды тыңайтқыштарды қолдануға (зарарсыздандыру, улау және дератизациялық іс-шаралар түрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық игілігі саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі);

2) су қоймасына радиоактивті және уытты заттарды тәгуге және көмуге;

3) су қоймасына тазарту имараттары жоқ және тиімді тазартудың нормативтеріне сәйкес қамтамасыз етілмеген өнеркәсіп, тамақ объектілерінің сарқынды суларының құйылуына;

4) су қоймасында радиоактивті және уытты заттарды бөлөтін ядролық және өзге де технологиялардың түрлері пайдаланылатын жарылыс жасау жұмыстарын жүргізуге;

5) су қоймасында және су шаруашылығы имараттарында түрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін техника мен технологияларды

қолдануға;

6) су қоймасына қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтарды төгүге және көмуге;

7) су қоймасының су жинау алабына, оның мұз жамылғысының шайылуы су қоймасындағы судың сапасын нашарлатуға әкеліп соғатын қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтармен ластануына;

8) негізгі пайдаланудағы ағаш кесуді жүзеге асыруға;

9) тұрғындардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті, алаптың табиғи экологиялық жүйесінің бұзылуына қоршаған ортандың өзгеруіне, жол беретін шаруашылықтық және өзге де қызметке;

10) зиянсыздандыруға және қайта пайдалануға жарамайтын радиоактивті қалдықтар мен өнімдерді әкелуге, сонымен қатар сақтауға немесе көмуге;

11) қамысты шабуға және құрғақ шөпті өртеуге, түбірлерді қопаруға, уылдырық шашуға маңызы бар өзендердің арналарын игеруге;

12) міндетті мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаларыз шаруашылықтық қызмет пен жұмыс өндірісіне және қызмет көрсетуге;

13) су қоймасы мен оның су қорғау аймағы мен белдеуінің ластануына жол бермейтін имараттармен және қондырғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайтадан жөнделген объектілерді пайдалануға енгізуғе;

14) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, мұнай өнімдерін, техникалық қызмет көрсету пункттері мен автомашиналар мен ауыл шаруашылығы техникасын жууды, механикалық шеберханаларды, қоқыс үйінділері мен өндірістік қалдықтарды, мал өлігін көметін орындарды, аппаратураларға пестицидтер мен улы химикаттарды құюға арналған алаңқайларды, авиациялық-химиялық жұмыстарды жүргізуға арналған үшу-қону алаңдарын орналастыруға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

15) белгіленген тәртіппен келісілген жобаларыз құрылыш, судың түбін терендету және жарылыс жұмыстарын, пайдалы қазбаларды өндіру, кабель, құбыр желісі мен басқа да коммуникацияларды төсеу, бұрғылау, ауыл шаруашылықтық және өзге де жұмыстарды жүргізуғе;

16) су көзіндегі су кемерінен кем дегенде 2000 метр ара қашықтықта ауыл шаруашылығы дақылдары мен ормандық екпе ағаштарды улы химикаттар мен минералды тыңайтқыштарды қолданумен авиациялық өндеуғе;

17) малды өлшеусіз жаюға, оларды тоғытуға және санитарлық өндеуғе, су тоғаны режимінің нашарлауына әкеліп соғатын шаруашылық қызметтің түрлерін жүргізуғе;

18) РБШК анықталмаған пестицидтерді қолдануға, қардың беті бойынша тыңайтқыштарды енгізуғе, құрамында залалсыздандырылмаған көңі бар сарқынды суларды және тұрақты хлорлы органикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде

пайдалануға (су қорғау аймақтарына өндеу жүргізген кезде санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылардың негізінде аз және орта улы химикаттар қолданылады).

2. Су қорғау белдеуінің шегінде, су қорғау аймағы үшін анықталған шектеулерден басқа, мыналарға тыйым салынады:

- 1) жер жыртуға, мал жаюға, сүректік-бұталық өсімдіктерді шабуға (орманда күтім және санитарлық шабуларды ғана жүргізуге рұқсат беріледі);
- 2) органикалық және минералды тыңайтқыштарды, улы химикаттар мен пестицидтерді қолдануға;
- 3) палаткалы қалашықтарды, автомобилдердің тұрақты тұрағын, малға арналған жазғы лагерьлерді салуға;
- 4) арнайы мақсаттағы бас тоған, су реттеу, қорғаныс және басқа да имараттардан басқа, ғимараттар мен имараттар салуға; табигат қорғау органдарымен келісілген жобалар бойынша орналастырылатын бас тоған имараттарынан, жағалауды бекіту жұмыстарынан, сондай-ақ демалыс орындарынан (жазғы үй салу) басқа, табиғи ортаға зиян келтіретін құрылыш, шаруашылықтық және басқа да құрылыштардың барлық түрлеріне;
- 5) участкерді саяжайлар салу үшін беруге.

Департамент директоры